

ӨОЖ 338(4/9)

Н. Мұқаметханұлы*, А. Муратбекова

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: m_nabizhan@mail.ru

Қытайдың еркін экономикалық аудандарының дамуы

Аңдатпа. Қытайдың еркін экономикалық аудандарының тәжірибесі елімізге пайдасы зор, сондықтан мақала мәселеге тарихи тұрғыдан талдау жасайды. Мақала Қытайдың еркін экономикалық аудандарының даму үдерісін, негізгі кезеңдерін қарастырады. Еркін экономикалық аудандардағы жағдайды талқылайды. Инвестиция құю, шетелдік капиталды тарту мәселелерін қамтып, сыртқы экономикадағы жағдаймен сабақтастырады.

Түйін сөздер: еркін экономикалық аудандар, инвестиция, капитал, реформа, сыртқы экономика, импорт, экспорт.

Қазіргі таңдағы Қытай экспортында еркін экономикалық аудандарының өнімдері өтімді екені белгілі. Бірақ осы «еркін» немесе «арнайы экономикалық аудан» деп аталатын өндіріс базаларының дамуы көпшілікке бірдей таныс емес. Алайда Қытайдың еркін экономикалық аудандарының тәжірибесі елімізге пайдасыз емес. Сондықтан сыр мәселеге тарихи тұрғыдан талдау жасауды жөн көріп отырмыз.

Тарихтан алып қарағанда, еркін экономикалық аудандар Қытайдан да бұрын көптеген мемлекеттерде құрылған, бірақ олар экономикалық модернизацияда Қытай секілді маңызды рөл атқара алған жоқ. Тек Қытайдың еркін экономикалық аудандары ел экономикасының дамуында локомативті рөл атқарып отыр.

Қытайдың еркін экономикалық аудандар құрудағы басты мақсаты ұлттық өндірістің халықаралық бәсекелестік қуатын көтеру, елге инвестиция тартудың тиімді жолдарын ашу, экспортты жаңа жоғары техниканы өндіріске қосу арқылы жаңа өнімдердің саны мен сапасын арттыру, коммуналды-шаруашылық, құқықтық және қаржылық инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Алайда Еркін экономикалық аудандардың өндірістік құрылымы әлемдік экономикалық және халықаралық рынок ахуалының өзгерісіне байланысты өзгеріп отырады.

Қытай экономикалық реформаны бастағанда, шетелдік капиталды тарту, сыртқы экономикалық саясаттың басым бағыты болды. Өйткені ол XX ғасырдың 80-90 жылдарында валюта құны импортталған қажетті техника мен технологиялар, шикізат пен материалдар үшін өскен жағдайда, импорттық қажеттілік пен экспорттық мүмкіншілік арасындағы қайшылықтарды шешу үшін тиімді жол болды. Сондықтан Қытай, алдымен, шетел инвестициясын тартуға қолайлы жағдайлар жасады. Еркін экономикалық аудандарға енетін порттарға салықтық және кедендік жеңілдіктер берді, сол арқылы елге жеңілдетілген жолмен инвестицияларды теңіз жағалауындағы аймақтарға әкеліп, онда бірлескен кәсіпорындар құруға үлкен мүмкіндіктер жасады. Бұл бірлескен кәсіпорындар алғашқы кезеңде көбіне өнеркәсіп, қызмет көрсету, туризм, қонақжай салаларында дамыды.

Қытайдың еркін экономикалық аудандары, алдымен, теңіз жағасына жайласқан Гуандун, Фуцзянь провинцияларда ашылғандықтан, шетелдермен бірлескен кәсіпорындар осы провинцияларда шоғырланды. Қытайға, алдымен, инвестиция салушылар шетелдерде өмір сүріп жатқан Хуацияо – қытай диаспорасы болды. Олардың ішінде Гонконг, Макао, Тайваньда тұратын қытайлықтар белсенділік танытты.

Бірақ шаруашылық жүргізудегі экономикалық өнімділіктің төмен болуы (экспорттың аз болуы, валюта табысының дефициті, тар шеңбердегі өндірістік емес саланың көбейіп кетуі, шетелдермен ынтымақтастықтардың қысқа мерзімге жасалуы, т.б.) үкімет тарабынан реттеуді қажет етті.

XX ғасырдың 80-жылдарының ортасында мемлекетте шетелдік инвестицияларды реттеу күшейді, салалық, технологиялық және территориялды құрылымдарына қарай таңдамалы шектеулер орнатуға немесе жеңілдетуге қадамдар жасалды. Ұлттық заңнаманы әлемдік тәжірибеге бейімдеу үдерісін бастады. Нәтижесінде 80-жылдардың екінші жартысынан бастап ҚХР-да инвестициялық климаттың либеризациясы қалыптасып, мемлекеттің сыртқы ресурстарын өсірудің сапалық сипатына қарай шетелдік капитал құюды көтермелеудің көпжақты жүйесіне көшу жүзеге асты. Осы кездегі салынған еркін порттардың екіден үші өндіріс саласына келді (автомобиль шығару, мұнайды өндіру, көмір өндіру, тұрмыс техникасын жасау), бірлескен өндірістер жеке кәсіпорындар түріне өзгерді, олардың экспорттық бағыты күшейді, тайваньдық капитал мемлекетке қарқынды ене бастады. 1989 жылғы жазғы Тяньаньмэнь оқиғасы және батыс мемлекеттерінің санкциясы бірлескен және кооперациялық кәсіпорындардың ашылуын азайтты, бірақ шетелдік кәсіпорындар саны көбейді, мұны валюталық тапшылық көріп жатқан мемлекет қолдады.

Еркін экономикалық аудандарға өз дамуында негізгі мынадай кезеңдерден өту қажет болды: [1]

1-ші кезең (10 жылға дейін). Оны құру жылдары алғашқы инфрақұрылым салынады, шетелдік капиталды енгізу басталады (әсіресе бірлескен кәсіпорындар құру механизмі арқылы), шетелдік компаниялармен ынтымақтастық үшін құқықтық негіз жасалады;

2-ші кезең (8 жылға дейін). Еркін экономикалық аудандар негізінде шетелдік инвестицияларға сенетін өзінің өнімін шетелдік нарықта өткізуге тырысты. Экономика құрылымы трансформацияға ұшырайды: жергілікті сауда үлесі, шағын ауыл шаруашылық және өнеркәсіптік өндіріс үлесі азаяды, сыртқы сауда мен ірі өндірістің үлесі өседі. Соның ішінде, инвестицияның 50-60%-ын шетелдік капитал есебінде алу және экспортқа өндірген көлемінің

кем дегенде 70%-ын жеткізу.

3-ші кезең. Еңбекті көп қажет ететін өндірістен алдыңғы қатарлы технология негізінде техникалық өндіріске өту. Қытайлық және батыстық экономистер есебімен Шеньчжень ауданы 90-жылға қарай дамудың бірінші кезеңінде қойған тапсырмаларын шешті.

ҚХР Мемлекеттік Кеңесінде еркін экономикалық аудандар бойынша арнайы канцелярия құрылды. Сонымен қатар осы уақыттарда 1980 жылы Бүкілқытайлық халық өкілдері кеңесінің XV сессиясында қабылдаған «Гуандунь провинциясындағы арнайы экономикалық аудандардағы ережеге» сәйкес жергілікті атқарушы органдарға өз аудандарындағы шетелдік кәсіпорындардағы шаруашылық қызметін бақылау құқығы берілді.

Еркін экономикалық аудандардың құқықтық базасын құруда үлкен жұмыс жүргізілді. Еркін аудандардың қызметтеріндегі көптеген аспектілерді жалпықытайлық заңдарға сәйкес реттеу қабылданды: 1979 және 1986 жылдары БХӨК қабылдаған ҚХР территориясындағы бірлескен кәсіпорындарға және шетелдік кәсіпорындарға байланысты заңдар.

Өз аймағының спецификасын жақсы білетін жергілікті атқарушы органдарға мына мәселелерді талқылау мен бекітудің құқығы берілді: еңбек және еңбекақы туралы ережеге, кәсіпорындарды тіркеу тәртібі, жер учаскелерін қолдану және олар үшін төлеу құны, контрактілер жасау шарты, кіру, шығу ережелері.

Қытайдағы еркін экономикалық заңның қабылданған ресми мерзімін 1980 жылдың тамыз айы деп санайды. Қытайдың еркін экономикалық аймақтарының дамуын тарихи жағынан бірнеше кезеңге бөлуге болады.

1980 жылдың тамызына дейін мемлекет еркін экономикалық аудандар құруға және оның құрылымының ерекшелігіне қарай бірінші кезең белгісіздікпен сипатталады.

1980 жылдың 26 тамызында Бүкілхалықтық кеңес Гуандунь провинциясындағы еркін сауда аудандарына байланысты ережелер шығарғаннан кейін екінші кезең басталды. Бұл кезең нақты еркін экономикалық аудандардың территорияларын белгілеумен сипатталды. Осы ережеге сәйкес Қытайдың Гуандунь провинциясындағы үш қаласында арнайы аудандар бекітілді: Шеньчжень, Чжухай, Шаньюю.

«Шеньжень» еркін экономикалық ауданы Шеньжень қаласының оңтүстік аймағында және Гонконгқа жақын жерде орналасты. «Чжухай» еркін экономикалық ауданы Чжухай қаласында Аомын (Макао) қасында орналасты. «Шаньтоу» еркін экономикалық ауданы Шаньтоу қаласының өнеркәсіп өндіретін Лунху ауданында орналасты. Осы уақытта Фунзянь провинциясында «Сямынь» еркін экономикалық ауданы Сямынь қаласының Лунху өнеркәсіп өндіретін ауданында құрылып жатты. Кейінірек еркін экономикалық аудандар саны және территориясы әлдеқайда ұлғайды.

Сонымен қатар 1988 жылдың сәуір айында 14 теңіз жағалауындағы қалаларды «ашық» деп жариялады, олар техника-экономикалық даму аудандары деп аталды. Бұл қалалардың ішіне Қытайдың барлық ірі қалалары кірді: Далянь, Циньхуандао, Тяньцзынь, Янтай, Цингдао және т.б. Бұл жерлерде мыңдаған бірлескен кәсіпорындар бар, ал тартылған капитал көлемі бірнеше ондаған миллион АҚШ долларына жетеді.

1988 жылы ресми түрде Хайнань аралын провинцияға өзгертуін және бұл жерде мемлекеттегі ең үлкен еркін экономикалық ауданын құру туралы жариялады. Мемлекет басшыларының айтуынша, бұл ауданда басқа аудандарға қарағанда шетелдік бизнеске кеңірек саясат ұстанады.

Қытайдың еркін экономикалық аудандарының құру кезеңдерін қарап отырсақ, бірте-бірте еркін экономикалық аудандар үшін берілген территория көлемі және шетелдік капитал үшін «ашықтығы» арта береді. Алғашында, соғылған еркін экономикалық аудандар енді арнайы экономикалық аудандарға көшеді, олар мемлекеттің оңтүстік шығыс жағалауында саны жағынан бесеуге жеткен: Гуандунь провинциясында Шеньжень, көлемі – 327,5 шаршы шақырым, Гуандунь провинциясындағы Чжухай, көлемі – 52,6 шаршы шақырым, Фуцзянь провинциясындағы Шаньтоу 121 шаршы шақырым, Хайнань провинциясындағы Хайнань – 3400 шаршы шақырым, көлемімен анықталады. 1985 жылдан бастап атап айтып кеткен аудандармен қатар Янцзы және Чжуцзян өзендерінің жағалауларында басқа да еркін аудандар салына бастады.

1990 жылдан бастап шетел капиталын игеруге Қытайдың жаңа территориялары ашыла

бастады: Пудун ауданы, Шанхай және басқа Янцзы жағалауындағы қалалар. Бұл үдеріс Шанхайдың әлемдегі бизнес, қаржы және сауда орталықтарының біріне айналуына жол ашты, өйткені Шанхайда шетелдік инвесторларға қаржылық компаниялар, әмбебап дүкендерін, фондтық биржалар ашуға және акциялар жариялауға құқықтық негіз жасалған.

Сонымен қатар 1990 жылдан бастап Қытайда бажсыз аудандар құрыла бастады. Мұндай аудандарда ерекше жеңілдетілген кедендік саясат жүргізіледі және кедендік бақылау мен басқарудың еркеше түрі қолданылды. Жалпы мұндай бажсыз 13 аудан құрылды.

1992 жылдан бастап 13 шекаралық қала әлемдік «ашық» статусқа ие болды, яғни олар өз территориясында шекаралық экономикалық ынтымастыққа арнайы аудандар құра алады, ол жерлерде теңіз жағалауындағы аудандарда құрылған жеңілдетілген саясат қолданылады.

Шекаралық қалалардың географиялық орналасуы көршілес мемлекеттермен ынтымақтасуға жол ашады. Қазіргі кезде Қытай үкіметі шекаралық сауданы қатты қолдайды, және шекаралық қалаларда инфрақұрылым шекаралық сауданы жүргізуге қолайлы дамытылған.

Қытайда шетелдік капиталды тартудың барлық формалары қолданылады: 100% шетелдік капиталы бар бірлескен кәсіпорындар құруға, кооперация, шикізатты қайта өңдеу, сауда, жартылай дайын өнімнен дайын өнім шығару, қарыздар беру, оның ішінде облигация және акция арқылы алынады. Мысалы, «Сямынь» еркін экономикалық ауданға (1987 жыл) шет елдің азаматтарына қытайлық кәсіпорындарды сатып алуға рұқсат етілді, бірақ шетелдік инвестордың акция үлесі 25%-дан кем болмау керек, ал максималды үлесі шексіз бола береді [2].

Әдетте инвестицияларды тіркеу еркін экономикалық аудандардың әкімшілігі арқылы немесе осы әкімшіліктердегі салалық компаниялар арқылы жүреді. Шетелдік инвестор инвестиция мақсаты, көлемі, сипаты, инфрақұрылымдық талаптарға және басқа да мәліметтер береді. Еркін экономикалық ауданның әкімшілігі аса ірі объектілерден басқа объектілер бойынша шешімді өзі қабылдайды. Егер жоба қабылданса, онда инвестормен контракт жасалады және инвесторға лицензия мен сертификат беріледі.

Еркін экономикалық аудандардағы шетелдік

инвесторларға берілген жеңілдіктер жүйесі айтарлықтай тиімді жасалған. Кіріс салығы кәсіпкерлер үшін 15%, ал республика ішінде 55% құрады. Егер кәсіпкер келісімшартты 10 жылдан көп мерзімге жасаса, оған пайда түскеннен кейінгі бірінші екі жыл салықсыз, үшінші жыл 50% жеңілдікпен кіріс салығын төлейді. Үш жылдық кезең өткеннен кейін егер кәсіпкер өнімнің 70%-ын экспортқа жіберетін болса, онда 10% кіріс салығынан жеңілдік береді (немесе алдыңғы қатарлы технологияны қолданса 50% үш жылға жеңілдік береді). Еркін экономикалық аудандарда жоғарғы технологиялық және импортты алмастыратын өнімді қолданылатын бірлескен кәсіпорындарда салық көлемі 10%-дан 15%-ға дейін құрайды.

Еркін экономикалық аудандардағы өнеркәсіптер үшін импорттайтын мынадай өнімдер салықтан босатылады: өндіретін, кеңсе жабдықтары, шетелдік қызметкерлер үшін транспорт, электроқұралдар, шетел қызметкерлер қолданылатын күнделікті тауарлар. Бірыңғай экспорттық сауда-өнеркәсіптік салықтан мемлекет территориясында қолданылатын экспорттық өнім босатылады (бұның ішіне мұнай, бензин және т.б мемлекет бекітілген тауарлар кірмейді).

Сонымен қатар шетелдік салымшылар еркін экономикалық аудандарда өз табысынан қайта инвестиция құюға мүмкіншілік бар. Жергілікті әкімшілік шешімімен оларға қайта инвестиция құю үшін төлеген кіріс салығының бір бөлігін қайтару құқы бар.

Еңбек төлемін реттеу еркін экономикалық аудандардың әкімшілігімен реттеледі, бұл аудандарда жалданған жұмысшылардың еңбекақысы Гонконгтен басқа Қытай территориясындағы жалақы көлемінен жоғары болу керек. Қытайлық жұмысшы еңбекақысын қытайлық юаньмен немесе шетелдік валютамен алу құқығы бар.

Шетелдік инвестицияны қорғау Қытай заңнамасымен бекітілген. Сонымен қатар сақтандыру компаниялары шетелдік инвестицияны сақтандыруда «саяси рискілерден» де қорғайды.

Қытайдағы еркін экономикалық аудандарды құру үдерісі 13 бажсыз аудан, 32 техникалық даму ауданы, 52 жаңа және жоғары технологиялық аудандарын құруға әкелді және бұл үдеріс жалғасуда.

Еркін экономикалық аудандар дамуындағы қолайлы жағдайлардың бірі болып хуацяолардың ірі бос капиталдарына Гонконгте, Макаода,

Тайваньдағы және тағы басқа Оңтүстік Азия мемлекеттеріне бағыт ұстанғанын айтып кеткен жөн.

Еркін экономикалық аудандарды дамытатын күші ретінде шаруашылық жүргізуде нарықтық реттеу принциптері қолданылды, экономикалық мәселелерді шешуде жергілікті әкімшіліктерінің тәуелсіздігін, басқарудың икемді жүйесін атап айтуға болады. Шетелдік капиталды тарту курсы жеңілдетілген салық және кеден саясатын ұстанумен ұштасты. Сонымен қатар еркін экономикалық аудандарды құрудың алғашқы кезеңінде мемлекет қолдауын, әсіресе инфрақұрылымды салу үшін жақсы жұмыс жасалды.

Еркін экономикалық аудандарда өзінше даму механизмі жасалды. Еркін экономикалық аудандар жөніндегі әкімшілік ҚХР Мемлекеттік кеңесінің аудандарды әкімшілік басқаруды жүргізді және аудандарға байланысты саясатты қадағалап, реттеп отырды.

Қытайдың сыртқы экономикалық саясатын жүзеге асыруға арналған маңызды қадам 1988 жылы жарияланған теңіз жағалауындағы қалалардың экономикасын жедел даму стратегиясы болып табылады. Бұл аудандарда сыртқа бағытталған экономиканы құру жобасы әлемдегі өнеркәсіп дамыған елдерден жұмыс күшін дамушы және арзан жұмыс күші бар мемлекеттерге өту тенденциясымен ұштас келген [3].

1984 жылы 14-ші қалаға ашық теңіз жағалауындағы қала статусы берілді, ол жерлерде техника-экономикалық даму ауданы құрылды (қазіргі кезде саны 32-ге жетті). 1980 жылдардың екінші жартысында Янцзы өзенінің жағалауында ашық экономикалық аудандар құрылды, Фудзянь, Шаньдунь және Ляодун жерлерінде де мұндай аудандар құрылып, «теңіз жағалаулық ашық белдеуін» құрды. Еркін экономикалық аудандардың потенциалды әржақты және максималды түрде қолдану бағытталды.

Шаруашылық кешенін реттеудегі макро-экономикалық шаралар екінші орынға жылжытылды. Дегенмен, мемлекет саясатында еркін экономикалық аудандарды дамыту саясатынан бас тартылған жоқ, тек оның қарқын ала беруін бәсеңдетті.

Қытай басшыларының ашық экономикалық аудандарды дамытуға байланысты жаңа тәсілі шетелдік инвестиция үшін қолайлы жағдайларды сақтап, өзін-өзі қаржыландыру

және мемлекет табысына да үлес қосу болды. Аудандардың кейінгі инфрақұрылымдарын дамытуы, тек өздерінің ішкі ресурстарына, банктік несиелерге, шетелдік инвестицияға сүйеніп жүргізілді. Инвестициялық саясаттануды реттеуде басымдылық тиімді техника және ғылыми жобаларға бағытталу қажеттілігі туындады.

Еркін экономикалық аудандарға байланысты Қытай мемлекет басшылары, енді жаңа жеңілдіктер алмайды, бірақ экономика дамуының және реформалардың локомативі болып қалады деп шешті.

Еркін экономикалық аудандардағы мәселелер Қытайдың барлық аймағына шетелдік капиталды қолдануымен туындайтын мәселелермен ұқсас болды. Капиталды тарту принципі мынадай: алғашында, шетелдік инвесторлар капиталдары тез ақталатын салаларға жұмсайды (туризм, қызмет көрсету саласы, жеңіл және тамақ өнеркәсібі). Содан қолайлы жағдайлар орнақталғаннан кейін (шаруашылық механизм, инфрақұрылым, құқықтық база, саяси және әлеуметтік жағдай) шетелдік әріптестер технологиялық қиын өндіріске ақша құюға дайын. Сондықтан еркін экономикалық аудандардың шығын мен табыс балансын реттеу үшін онжылдық қажет етті.

Арнайы экономикалық аудандар барлық сипаты жағынан капитализмге тән болғанымен, ҚХР-дың экс-төрайымының айтуындай «Капитализм» емес «социализм» деп аталады. 1992 жылы қытайлық реформалардың «архитекторы» Дэн Сяопин нарықтық механизмді социализмде де, капитализмде де табысты жүргізуге болады. Социализмнің негізгі белгісі жоспар емес, өндірістік күшті дамыту, егер нарық оған ашық болса, ол социализмге қарсы келмейді. Жоспар

да, нарық та экономикалық реттеудің тәсілі, нарықтық экономика социализмге де тән екенін тәжірибе көрсетті.

Арнайы экономикалық аудандарға қатаң жоспар қойылмайды, қаржыны олар дербес жұмсайды, жергілікті деңгейде көптеген салық түрі таралмайды. Еркін экономикалық аудандарды құру жаңа жұмыс орындары құрылу арқылы жұмыссыздықты азайтты. Сонымен қатар қытай мамандарының және жұмысшыларының біліктілігін арттыруға мүмкіндік туды, олар тек жаңа мамандықтарды игеріп қоймай, нарықтық экономика жағдайында тәжірибелік жұмысқа машықтануға мүмкіндік жасады.

Еркін экономикалық аудандар жаңа жоғары технологиялық өндірісін игеру және дамыту арқылы салалық құрылымдарды дамытуға жол ашты. Еркін экономикалық аудандар және басқа аймақтар арасындағы бәсеке жалпы ҚХР экономикасын тиімді дамытты, еңбек өнімділігін арттырып, тауар сапасын жақсартуды қамтамасыз етті. Еркін экономикалық аудандар нарықтық шаруашылық принциптері ұштасып, бүкіл қытай экономикасының қарқынды дамуына локомативтік рөл атқарып келеді.

Әдебиеттер

- 1 Ли Цзи Шен, Казаринова О.В. Экономические реформы в Китае. – М., 2011. – С. 98-105.
- 2 Каргабаева С. Особенности и специфика развития специальных экономических зон // Финансы Казахстана. – 2010. – №4. – С.15-17.
- 3 Экономическая теория национальной экономики и мирового хозяйства. – Изд. 2-е, перераб. и доп. – М., 2000. – С.245-248.

Н. Мұқаметханұлы, А. Муратбекова
Развитие свободных экономических зон Китая

Данная статья описывает историческое развитие специальных экономических зон Китая, основные периоды и тенденции развития специальных экономических зон. Рассматривает внешнюю политику и экономику Китая, описывает значение реформ. Так как китайский опыт реформ важен для нашей страны, статья описывает главные периоды, пути реализации и достижения китайских реформ.

Ключевые слова: свободные экономические зоны, инвестиция, капитал, реформа, внешняя экономика, импорт, экспорт.

N. Mukhametkhanuly, A. Muratbekova
Development of special economic zones in China

In given article the author brings up a development of China's special economic zones, describe main periods and factors. Also it describes economic statecraft, governments support, location of the zones and business environments. Chinese experience of economic development has very helpful impact to our national economy, that is why the article characterizes main periods of development and its influence to national economy.

Keywords: free economic zones, investment, capital, reform, foreign economics, import, export.